

**2022 жылғы М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университеті
жанындағы 6D010900-Математика мамандығы бойынша
кадрларды даярлау бағыты бойынша Диссертациялық кеңестің
жұмысы туралы есеп**

1. Өткізілген отырыстар саны –5

Оңтүстік Қазақстан университетінің жанындағы «6D010900 - Математика» мамандығы бойынша философия докторы (PhD), бейіні бойынша доктор дәрежелерін беру үшін диссертацияларды қорғау жөніндегі Диссертациялық кеңесте 2022 жыл қаңтар айы мен 31 желтоқсан аралығында 3 кеңес отырысы өткізілді. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің Білім және ғылым саласында сапаны қамтамасыз ету комитетінің 2021 жылдың 27 қазанында болған мәжілісінде қабылданған № 17-5-7/1156 шешіміне сәйкес М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университетінде докторантурада 6D010900 – «Математика» мамандығы бойынша оқып, осы университет жанындағы диссертациялық кеңесте философия докторы PhD дәрежесін алу үшін диссертация қорғаған докторант Гульдана Арыновна Тотикованың зерттеу жұмысы бойынша анықталған кемшіліктер негізінде «Дәрежелерді беру қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2011 жылғы 31 наурыздағы №127 Бұйрығының (бұдан әрі - Қағидалар) 2-1 тармағының 2)-тармақшасына сәйкес диссертация пысықтауға жіберілген.

Жоғарыда көрсетілген диссертация жұмысы 2022 жылдың 21 қаңтарында М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университеті жанындағы диссертациялық кеңестің 6D010900 – «Математика» мамандығы бойынша Тотикова Гулдана Арыновнаның «Бастауыш сыныптарда математиканы оқытуда оқушылардың кеңістіктік түсініктерін қалыптастыру және критериальді бағалау» тақырыбында қорғалған диссертациялық жұмысын пысықтау бойынша диссертациялық кеңесте қаралып Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің Білім және ғылым саласында сапаны қамтамасыз ету комитетіне қайта жиберілді.

2. Отырыстардың жартысынан азына қатысқан диссертациялық кеңес () мүшелерінің тегі, аты, әкесінің аты – болған жоқ

3. Оқу орны көрсетілген докторанттар тізімі (кесте)

№	ТАЖ	Оқу орны	Шифр, мамандық	Қорғау күні	Комитеттің шешімі бұйрықтың №, күні
1	Тотикова Гулдана Арыновна	М.Әуезов атындағы ОҚУ	«6D010900 - Математика»	21.01.2022	№00022384424 28.02.2022
2	Серкан Каймак	Сулейман Демирель университеті	«6D010900 - Математика»	31 наурыз 2022 ж.	№00022426400 12.07.2022

4. Мынадай бөлімдері белгіленіп көрсетілген, есепті жыл ағымында кеңесте қаралған диссертацияларға қысқаша талдау:

1) қаралған жұмыстар тақырыптарына талдау;

Диссертация тақырыбы: ««Тригонометрия» тарауын өзара оқыту әдістемесі негізінде оқушылардың математика пәніне қызығушылығын арттыру»

Мамандығы: «6D010900 - Математика»

Ғылыми кеңесшілері – PhD, профессор Нури Балта, PhD доктор Карман Курман.

Жұмыста төмендегідей жаңа және шынайы нәтижелер алынған:

- оқушылардың үлгерімін жақсарту және бір (бірдей) жастағы оқушылардың математиканы оқыту әдісіне оң көзқарастың қалыптасуы. - алгебра пәнінің тригонометрия тарауын оқытуда өзара оқыту әдісін қолдану арқылы математика пәніне қызығушылығын арттырудың психологиялық-педагогикалық негіздері айқындалды; - тригонометрия тарауын оқытуда өзара оқыту әдісін тиімді қолданудың әдістемесін ұсынылды; - ұсынылған әдістемен тәжірибелік-эксперимент жүзінде дәлелденді

2) *диссертация тақырыбының "Ғылым туралы" Заңының 18-бабының 3-тармағына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі жанындағы Жоғары ғылыми-техникалық комиссия қалыптастыратын ғылымның даму бағыттарына және (немесе) мемлекеттік бағдарламалармен байланысы;*

Серкан Каймақтың диссертациялық жұмысының тақырыбы мен мазмұны Қазақстан Республикасының мемлекеттік даму бағдарламаларымен байланысты,

3) *диссертациялар нәтижелерінің практикалық қызметке енгізу деңгейін талдау.*

Тригонометрияны оқытуда өзара оқыту әдісін қолдану ерекшеліктері мектеп мұғалімдері үшін өзара оқыту әдісін қолдану мен ұйымдастыру техникасын меңгеру оқушылардың математикалық білімін жетілдіреді.

5 Ресми рецензенттердің жұмысына талдау (мейлінше сапасыз пікірлерді мысалға ала отырып).

Диссертациялық жұмысқа рецензенттер ретінде математика саласындағы және математиканы оқытудың теориясы мен әдістемесі бойынша елеулі үлес қосқан отандық ғалымдар тағайындалды.

Рецензенттерді тағайындау барысында ғылыми кеңесшілер және рецензенттердің тәуелсіздігі шарты ескерілді.

Рецензенттер PhD докторлық диссертацияларға кәсіби тұрғыдан талдау жасады. Өз пікірлерінде зерттеу нәтижелерінің теориялық және практикалық негізделгендігін баса көрсетіп, дәлелді қорытындылар жасап, ескертулер мен ұсыныстарды тұрақты түрде беріп отырды. Диссертацияларға теріс пікірлер берілген жоқ.

Қорғалған диссертацияның рецензенттері туралы мәліметтер:

1. Қайыңбаева Лариса Сағижанқызы – педагогика ғылымдарының кандидаты, доцент. Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университеті, Физика және математика кафедрасының меңгерушісі; 13.00.02 - «Оқыту және тәрбие теориясы мен әдістемесі» (математика)
- 2 . Бекмолдаева Райна Байкеновна - педагогика ғылымдарының кандидаты, доцент.

М.О. Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университеті «Математика» кафедрасының доценті; 13.00.02 – «Оқыту және тәрбие теориясы мен әдістемесі» (математика)

6. Ғылыми кадрларды даярлау жүйесін одан әрі жетілдіру жөніндегі ұсыныстар.

Диссертациялық кеңес мәжілісінде ғылыми кадрларды даярлау жүйесін одан әрі жетілдіру жөніндегі ұсыныстар жасалды:

- «6D010900 - Математика» мамандығы бойынша философия докторын (PhD) дайындайтын кафедралар диссертациялық кеңеске ұсынуда зерттеу жұмыстарының дайындық деңгейі мен сапасына мұқият назар аудару қажет екендігін ескерткіміз келеді.


7. Философия докторы (PhD), бейіні бойынша доктор дәрежесін алуға арналған диссертациялардың кадрларды даярлау бағыты бөлінісіндегі **саны:**

- 1) қорғауға қабылданған диссертациялар (оның ішінде басқа ЖОО докторанттарының) – 1
- 2) қараудан алынып тасталған диссертациялар (оның ішінде басқа ЖОО докторанттарының) –
- 3) рецензенттердің теріс пікірін алған диссертациялар (оның ішінде басқа ЖОО докторанттарының) –
- 4) қорғау нәтижелері бойынша теріс шешім алған диссертациялар (оның ішінде басқа ЖОО докторанттарының) –
- 5) пысықтауға жіберілген диссертациялар (оның ішінде басқа ЖОО докторанттарының) –
- 6) қайта қорғауға жіберілген диссертациялар (оның ішінде басқа ЖОО докторанттарының) –

Ескерту:

ДК ашылу бұйрығының №33-ЖООК, 10.11.2020 және ДК 30.04.2022 қызмет ету мерзімі.

ДК-тің төрағасы

 Мадияров Н.К.

ДК-тің ғылым хатшысы

 Жайдақбаева Л.Қ.

Мер. Мерзімі. 20

жылғы «16»

12

